

АВТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

«ҚР ҰҒА баяндамалары» ғылыми журналында материалдарды жариялау Open Journal System, онлайн жіберу және рецензиялау жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Жүйеге тіркелу және кіру «Материалдарды жіберу» бөлімінде қол жетімді.

Корреспонденция авторы жұлдызшамен ерекшеленуі тиіс*

МАҚАЛАНЫ РӘСІМДЕУ ТӘРТІБІ

Мақалалар қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде <https://journals.nauka-nanrk.kz/> сайты арқылы қабылданады.

Бір автор бір нөмірге бір ғана мақала бере алады! Авторлар саны 5-тен аспау қажет. Авторлардың өз еңбегіне жасаған сілтемесі пайдаланылған әдебиеттердің 20%-нан аспауы қажет.

Редакция журналдың ғылыми бағыттары бойынша бұрын жарияланбаған мақалаларды қабылдайды. Қаріптің өлшемі – 12, әдебиеттер – 9, кестелер мәтіні – 9, қаріп – Times New Roman, туралау – мәтіннің ені бойынша, интервал – бір, абзац шегінісі – 1 см, шеттері: жоғары және төменгі – 2 см, солға және оңға – 2 см. Суреттер, кестелер, графиктер, сызбалар және т.с.с. тікелей нөмірде және тақырыпты көрсете отырып келтірілген (Мысалы, 1-сурет - Сурет тақырыбы). Суреттер, кестелер, графиктер мен сызбалардың саны мақаланың барлық көлемінің 20% -нан аспауы керек (кейбір жағдайларда 30% дейін).

Мақаланың көлемі (тақырыбын, авторлары туралы мәліметтерді, аннотацияларды, түйінді сөздерді, библиографиялық тізімді қоспағанда) кем дегенде 2000-3500 сөзден тұруы керек. Авторлар МІНДЕТТІ түрде ашық журнал жүйесінде немесе Редакторлар менеджерінде ілеспе хатта ұсынылған мақала / қолжазба бұрын еш жерде жарияланбағанын және мақалада басқа сілтемелерсіз алынған мәтін үзінділерінің болмауын көрсетуі керек.

Мақала құрылымы:

Бірінші бет:

Бірінші жол – ORCID ID <https://orcid.org/>, ƏOЖ, FTAMP (MPHTI) индексі көрсетіледі.

Мақала атауы (Тақырып) мақаланың мәні мен мазмұнын көрсетіп, оқырман назарын аударуы керек. Тақырып қысқа, мазмұнды болуы керек және жаргон мен қысқартулар болмауы керек. Тақырыптың оңтайлы ұзындығы 5-7 сөзден тұрады. Мақала тақырыбы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ұсынылуы керек. Тақырып қою әріптермен кіші әріптермен, туралау ортасында берілген. Мақаланың авторы (авторлары) - аты-жөні, тегі, жұмыс орны (ұйымы), қаласы, елі, телефон нөмірі, электрондық пошта - орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде. Авторлар туралы ақпарат тұрақты шрифтпен кіші әріптермен, ортасында туралау арқылы беріледі.

Аннотация құрылымына келесі МІНДЕТТІ тармақтар кіреді: Зерттеу тақырыбына кіріспе. Ғылыми зерттеудің мақсаты, негізгі бағыттары мен идеялары. Жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығының қысқаша сипаттамасы. Зерттеу әдіснамасының қысқаша сипаттамасы. Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен талдаулары, қорытындылары. Зерттеудің құндылығы (бұл жұмыстың білімнің тиісті саласына қосқан үлесі).

Жұмыс нәтижелерінің практикалық маңыздылығы. Негізгі сөздер / тіркестер - 3-5 орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде, аңдатпа – кемінде 200-300 сөз, кілт сөздер – 5-10 сөз, негізгі мәтін – 4-6 бет көлемінде (2000-3500 сөз) болуы тиіс. Мақала қазақ тілінде болса, аңдатпалар – ағылшын және орыс тілдерінде беріледі (1 бет, екі тілді қоса алғанда); мақала ағылшын тілінде берілген жағдайда, аңдатпалар – қазақ және орыс тілдерінде беріледі (1 бет, екі тілді қоса алғанда); мақала орыс тілінде берілген жағдайда, аңдатпалар – қазақ және ағылшын тілдерінде беріледі (1 бет, екі тілді қоса алғанда). Соңғы бетінде әдебиеттер тізімі 1 беттен аспайтын (9-шы кегльмен терілген) ағылшын тілінде (REFERENCES) тік жақшада берілуі керек. Және әдебиеттер тізімінің транслитерациясы болуы тиіс (транслитерация - <http://www.translit.ru>).

Егер мақала қазақ және орыс тілдерінде болса, онда әдебиеттерді ағылшын тілінде қосымша көрсету қажет. Автор өз мақаласына дәйексөз (самоцитирование) келтіруге 20 % рұқсат етіледі.

Мақала соңына барлық авторлардың қолы қойылған бет тіркелуі тиіс.

Мақаланың барлық беттері, сонымен қатар кестелер, әдебиеттер тізімі, суреттер мен суреттердің астындағы жазбалар нөмірленуі тиіс.

МАҚАЛАНЫ ҚАБЫЛДАУ АЛГОРИТМІ:

1. Веб-сайтқа қабылданған мақала StrikePlagiarism.com. сайтынан плагиат тексерісінен өтеді. Плагиат көрсеткіші 20 % асқан жағдайда авторлар ҚР ҰҒА журналдарында жариялау құқығынан айырылады.

2. Антиплагиаттан өткен мақала құпия рецензенттерге жіберіледі. Құпия рецензенттер 2 аптадан 1 ай шамасында мақаланы қарастырады.

3. Сараптамалық қорытындылар нәтижесінде редколлегия мақаланы жариялауға беру, түзеуді қажет етуі немесе бас тарту шешімін қабылдайды. Қажет болған жағдайда мақала рецензенттер мен редакторлардың ескертулері бойынша түзетулер мен толықтырулар енгізу үшін авторларға жіберіледі.

4. Авторлар қайта өңдеген мақала бір ай ішінде редакцияға қайтарылуы тиіс. Журнал талабына сай келмейтін мақалалар қабылданбайды.

Авторлар ғылыми мәліметтердің дұрыстығы мен маңыздылығына, сонымен қатар жұмыстардың ғылыми мазмұнына жауапты.

Мақаланы Редакцияға жіберуі, авторлардың дәл осындай материалдарды (түпнұсқада, басқа тілге аударып немесе басқа тілден аударылғанын) басқа журналдарға бермегені, басқа баспада немесе басқа журналдарда басылуға берілмегенін білдіреді. Егер мақаламен жұмыс барысында ұқсас материал (мүмкін басқа атпен немесе авторлардың басқа ретімен) басқа журналға берілгені туралы анықталған жағдайда мақала бірден қайтарылады. Сондай-ақ авторлар ҚР ҰҒА журналдарында мақала жариялау құқығынан айырылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІН РӘСІМДЕУ

Кітаптарға сілтемелерде ISBN (10 немесе 13 белгіден тұратын) көрсетіледі.

Тек мұнда көрсетілген журналдардың атаулары қысқартылады:

http://images.webofknowledge.com/WOK46/help/WOS/0-9_abrvjt.html.

Халықаралық рецензирленетін журналдарда жарияланған мақалаларға сілтемелерде DOI (Digital Object Identifier) көрсетілуі тиіс. DOI мақаланың PDF нұсқасында және/немесе мақаланың негізгі ғаламтор парақшасында көрсетіледі, сонымен

қатар CrossRef: <http://www.crossref.org/guestquery/> іздеу жүйесін пайдалануға болады. Төменде сілтемелерді рәсімдеу мысалдары келтірілген:

Халықаралық журналдағы мақала

1 Campry TS, Anders T. (1987) SNAP receptors implicated in vesicle targeting and fusion, Environ Pollut, 43:195-207. DOI: 10.1016/0269-7491(87)90156-4 (in Eng.).

Ағылшын тіліндегі нұсқасы жоқ орыстілді журналдағы мақала

2 Ivanova TV, Samoilova NF (2009) Electrochemical Energetics [Elektrohimicheskaya energetika] 9:188-189 (in Russ.).

Кітаптар:

Timrat TA (2008) Soil pollution: origins, monitoring and remediation, second edition. Springer, Germany. ISBN: 978-3-540-70777-6

Конференция материалдары:

Monin S.A. (2012) Treatment techniques of oil-contaminated soil and water aquifers. Proceedings of International Conference on Water Resources and Arid Environment, Riyadh, Saudi Arabia. P.123.

Патенттер:

Barin AB, Mukamedzhan NT (2000) A method for determination of 1,1-dimethylhydrazine and nitrosodimethylamine [Metodopredeleniya 1,1-dimetilgidrazina initrosodimetilamina]. Preliminary Patent of the Republic of Kazakhstan [Predvaritelnyi patent Respubliki Kazakhstan]. (In Russian).

Стандарттар, ГОСТтар:

ГОСТ 7.1-2003 сәйкес орыс және қазақ тілдеріндегі библиография стилі «Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Жалпы талаптар және құрастыру ережелері» (ККСОН тізіміне енген басылымдарға қойылатын талап).

RMG 61-2003. Indexes of accuracy, precision, validity of the methods of quantitative chemical analysis, methods of evaluation [GSI.Pokazatelitochnosti, pravilnosti, retsizionnosti metodik kolichestvennogo himicheskogo analiza. Metodyiotsenki]. Moscow, Russia, 2003. (In Russian).

МАҚАЛАЛАРДЫ ТАПСЫРУ МЕРЗІМІ

ҚР ҰҒА журналдары жылына 6 рет шығады, яғни 2 айда 1 рет.

Әр айдың 15-жұлдызында (ақпан, сәуір, маусым, тамыз, қазан және желтоқсан айларында) журналдар ҚР ҰҒА-ның журналдар сайтында жарияланады.

Журналдың кезекті нөміріне мақала беру мерзімінің шегі – сайтқа шыққанға дейін 1,5 ай бұрын (1 қаңтарға дейін, 1 наурызға дейін, 1 мамырға дейін, 1 шілдеге дейін, 1 қыркүйекке дейін, 1 қарашаға дейін).

Редакцияға келіп түскен мақаланың қаралуының ең ұзақ мерзімі – 6 айға дейін.

РЕДАКЦИЯМЕН БАЙЛАНЫС

Телефондар: 272-13-19;

ҚР ҰҒА сайты: <http://nauka-nanrk.kz/>

E-mail: <https://journals.nauka-nanrk.kz/> (мақалаларды беру үшін), Мақаланы веб-сайтқа тек авторлар тіркей алады.

Авторларға журналдың шығу уақыты, төлем бойынша ақпарат gylym2015@mail.ru поштасынан жіберіледі.